

А. Әбиденқызы \*

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
(e-mail: ainurbai-67@mail.ru)

## Қытай тіліндегі идиомалық сөздердің ұлттық ерекшелігі және оны қазақ тілді аудиторияда оқыту әдістері

Идиома дегеніміз адамдар ұзақ уақыт бойы қолданып келген, мағынасы толық, құрылымы тұрақты, қысқаша формасымен қолданылатын тұрақты тіркестер. Әр ұлттың өзіндік ұлттық ерекшелігін, әдет-ғұрпын, өмір салты мен наным сенімінің көрінісін идиомалардан табуға болады. Соған орай белгілі бір тілдің идиомаларын оқыту арқылы сол ұлттың болмысымен де тереңірек танысуға болады. Яғни, идиомалар негізінен тарихтың өнімі болып табылады, олардың көпшілігі тарихи дәуірден бері қолданылып келеді. Қазіргі Қытай жазбаша және ауызекі тілдерінде кеңінен қолданылатын идиомалар — қытай тілінің алтын тірегі, сонымен қатар қытай мәдениетінің ерекшелігі. Бұл қытай тілінің лексикологиясында қысқа, қарапайым, экспрессивті және ерекше белгілері бар ерекше орын алатын тіл категориясы және де идиомалардың этимологиясы ежелгі Қытаймен тығыз байланысты. Идиомалардың тарихи сипатына байланысты ежелгі қытай тілдерінің грамматикалық ерекшеліктері сақталады. Идиоманы оқыту қытай тілін шет тілі ретінде үйренудегі маңызды қадам болып табылады. Мақалада идиомалардың қайнар көздері арқылы шығу тарихы мен ерекшелігін саралап, үздіксіз өзгерістен кейінгі бүгінгі таңдағы идиомалардың сипатына тоқталған. Автор мақалада қытай тілін шет тілі ретінде оқытын студенттерге идиомаларды оқыту барысындағы ерекшеліктері мен оқыту әдістемесін қарастырған. Қытай тілін шет тілі ретінде оқыту бойынша сарапшылар арасында қытай мәдениеті мен қытай тілін оқыту арасындағы байланыс туралы көптеген пікірлер бар. Алайда, идиомалар — бұл аталған екі аспектімен тікелей байланысты ерекше мәселе.

*Кілт сөздер:* қытай тілі, шет тілі, лексика, идиомалар, иероглиф, оқытудың ерекшелігі, әдістеме, мәдениет.

### *Kipicne*

Шет тілі ретіндегі қытай тілі — ана тілі басқа тілдер болып табылатын өзге елдердің, өзге халықтардың өкілдеріне бағытталған қытай тілін оқытуды меңзейді әрі бұл қытай тілін шет тілі ретінде үйренуді немесе екінші шет тілі ретінде үйренуді көрсетеді. Сондай-ақ жоғары оқу орындарындағы «қытайтанушы» және «қытай тілі» мамандықтарына қытай тілі мен әдебиеті, тарихы мен мәдениеті бойынша білім беретін, күнделікті жұмыс тілі — қытай тілі болып табылатын оқытушылардың, және олар дайындайтын аудармашы, туризм және халықаралық қатынастар мамандықтарының студенттеріне арналған пән. Міне осы мамандық студенттеріне қытай тілін шет тілі ретінде үйрету кезінде идиомаларды дұрыс оқытудың маңызы ерекше.

#### (1) Қытай тіліндегі идиомалардың анықтамасы

«Идиома дегеніміз мазмұны бүтін, құрылымы берік, тарихи қалыптасқан тұрақты сөз тіркестері. Бұл жеке сөзден үлкен, бірақ грамматикалық қызметі тұрғысынан жеке сөзбен бірдей тілдік бірлік. Ол лексиканың ішіндегі ең шымыр, ең өткір және ең жанды бөлігі. Оның құрамындағы компоненттерді қалай болса солай орнын ауыстырып немесе өзгертіп қолдануға болмайды» [1; 5]. Қытайдың ұзына тарихы бойындағы сан алуан оқиғалар, діни трактаттар мен іс-шаралар, мәдени құбылыстар қытай тіліндегі идиомаларды сан жағынан байыта түскені белгілі.

#### (2) Қытай тіліндегі идиомалардың қайнар көзі

Қытай тіліндегі идиомалардың көпшілігі мынадай алты қайнардан бастау алған деуге болады:

1. *Мифтік аңыздар.* Осы арада негізінен ежелгі Цин дәуірінің кейбір мифологиялық аңыздары меңзеледі. Бұл аңыздардың көпшілігі мифтер негізінде қайта жаңғыртылған, әрі олардың бәрі философиялық мағынаға бай болып келеді. Мысалы: 掩耳盗铃 (кұлақты басып тұрып қоңырау ұрлау — өзімнен басқа ешкім білмейді деп жамандық жасау), 画蛇添足 (жыланның суретін салғанда оған аяқ сызу — артық қылам деп тыртық қылу) т.б. толып жатқан идиомалар осы топқа жатады.

\* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: ainurbai-67@mail.ru

2. *Тарихи оқиғалар.* Кейінгі адамдар тарихтағы нақты тұлғалар мен оқиғаларды өзек ете отырып, солар туралы сан алуан нақышты аңыздар тудырды. Осы аңыздардың тақырыбы мен өзегі немесе ондағы поэтикалық тармақтар мен ұтқыр сөйлемдер кейін келе идиомаларды тудыратын маңызды қайнар көздер болып қалды. Мысалы: 完璧归赵 (Бүлінбеген ақық білезікті Чжао еліне қайтару — алған затты бүлдірмей егесіне қайтару), 投笔从戎 (қаламды тастап, қолға қару алу — елге пайдалы іспен айналысу) т.б.

3. *Халық арасындағы дағдылы сөздер* бастапқыда идиома ретінде ауызша туындаған шығар, кейін келе олар жаппай қолданылып және хатқа түскен болуы мүмкін. Мысалы: 威武不屈 (қүдіреттің алдында бас имеу — қайсар, күшті, батыл), 满城风雨 (қала тола жел мен жаңбыр — ауыл арасын өсек-аяң кернеп кеткен) т.б.

4. *Шет тілдерінен алынады.* Бұл түрдегі идиомалар салыстырмалы түрде сирек кездеседі және негізінен буддистік жазбалардың аудармасымен байланысты болып келеді. Мысалы: — 尘不染 (шаң тозаң жұқпаған — пәк, кіршіксіз), 现身说法 (өзі көндіру — өз ісімен үлгі болу) т.б.

5. *Қазіргі заманғы жаңалықтарға байланысты туындайды.* Бірақ бұлардың түрлері тым аз, өйткені идиомалар тарихи сипатқа ие болғандықтан, жаңа шыққандары орнығып үлгермейді. Мысалы: — 日三秋 (бір күн үш күз — көріспегенге бірер күн болғанмен үш жылдай болды, кездескеніне көп болмаса да қатты сағыну), — 一字千金 (бір әрібі мың алтын — құнды мақала, құнды шығарма) т.б.

6. *Кейінгі адамдардың күнделікті өмірден қорытқан ойларынан іріктеліп, ұиқырланып, ұтқырланып қалыптасады.* Мысалы: 指桑骂槐 (тұт ағашын нұсқап тұрып, ясен ағашын янаттау — көріністе біреуді янаттаған болып, іс жүзінде басқа біреуді балағаттау), 另起炉灶 (басқа ошақ жасау — өз алдына түтін түтету) т.б.

Қорытып айтқанда, идиомалар ұзына тарих бойына адамдардың үздіксіз қолдану, жандандыру, бекіту, тұрақтандыру барысынан өтіп барып қалыптасады.

### (3) Қытай тіліндегі идиомалардың сипаты

Идиоманың қалыптасу қайнары оның құрылымының тұрақты, бітімінің бүтін, архаикалық және қолданбалы сипаттамаларын белгілеп берді. Бұны қытай халқы ерекше мақтан тұтатын мәдени ландшафт деуге де болар еді. Сондықтан қытай тілін шет тілі ретінде үйрететін ұстаздар идиоманың құрылымы мен мазмұнын мұқият зерттеп, оны шынайы бағалай білулері керек, сондай-ақ шәкірттерге оны дұрыс қолданып, оның ойды бейнелеудегі ерекше рөлінен дұрыс пайдалану жолын үйрету керек.

Қытай тіліндегі идиомалар, әдетте, төрт иероглифті форматта болып келеді де, қысқа да тұжырымды, бай мағыналы, ұйқасты да ырғақты леппен айтылып, тыңдаушыға дәл де әсерлі сезім туғызады. Бұл әрине, қытай тілінің құрылымымен және ежелгі қытай тіліндегі бір буынды жеке сөздермен тығыз байланысты. Төрт таңбалы (иероглиф) емес идиомалар саны өте аз. «2000 жылы ҚХР Сычуан өлкесінің Чэнду қаласындағы «Сычуан сөздік» баспасынан жарық көрген «қытай идиомаларының түсіндірме сөздігінде» барлығы 14243 идиома енгізілген, олардың 97 пайызынан астамы төрт таңбадан тұратын идиомалар болса, қалған 3 пайызға таяуы бес және алты таңбадан тұратын идиомалар» [2; 3]. Демек қытай тіліндегі идиомалар негізінен төрт таңбалы болып келеді деп айтуға болады.

Қытай тіліндегі идиомалардың ерекшелігі:

#### (1) Құрылымы

Идиома дегеніміз адамдар ұзақ уақыт бойы қолданып келген, мағынасы толық, құрылымы тұрақты, формасы қысқа және бөліп-жармай қолданылатын тұрақты тіркестер. Оның басты-басты бес түрлі ерекшелігі бар, бірінші: тарихилығы. Яғни идиомалар — бұл негізінен тарихтың өнімі, олардың көпшілігі тарихтан бері қолданылып, жалғасып келеді. Сондықтан «олардың көпшілігі ежелгі оқиғалар, тарихи тұлғалар, аңыздар мен ертегілер бейнеленеді және ежелгі қытай тілінің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық құбылыстарын сақтайды» [3; 51]; екінші: мағынасының тұтастығы, көптеген идиомалардың шығу тегі мен келу қайнары бар, олар оқиғалар мен оқиғаларды толық баяндайды, сондықтан идиомаларды қолданудан бұрын немесе біреуге үйретуден бұрын оның жалпы мазмұны мен тереңде жатқан мағынасын түсініп алу керек; үшінші, құрылымы тұрақты болады. Идиомалардың құрамындағы сөздер реті жағынан, морфемалық сипаты мен иероглифтер саны жағынан тұрақты болады, олардың орнын немесе санын келсе-келмес өзгертуге болмайды; төртінші: өзіндік ырғақтық, үндестікке ие. Қытай тілі — тональды тіл. Ондағы идиомаларда тілдің

осы мүмкіндігі баса көрсетіледі; бесінші: формасының тұтастығы, идиомалардың көпшілігі төрт иероглифті немесе қос төрт ( $2 \times 4 = 8$ ) таңбалы болып келеді, бұның өзі олардың қолдану барысындағы реттілік, жинақылық қасиетін көрсетіп береді.

## (2) Ойды бейнелеуі

Идиомалардың ойды бейнелеудегі мына үш түрлі рөлін оның басты ерекшелігі ретінде сипаттауға болады: қысқа әрі нұсқа. Идиомалық тіркестердің мазмұны өте бай. Тек төрт таңбадан құралғанымен, олар күрделі ой-пікірлерді жанды да образды түрде жеткізе алады. Олар қарым-қатынас барысында ойды шымыр, жинақы жеткізумен бірге, тарихи және мәдени ақпараттарды да жеткізе алады; ойды ретті де жинақы жеткізеді. Ол төрт иероглифтен құрам тапқан тұрақты тіркес ретінде қытай тілінің әріне әр, нәріне нәр қосып отырған құбылыс. Демек қытай тіліндегі идиомалар сөз-сөйлемдерді жымдастырып, шығарманың жан бітіріп, өлеңдей өрнектеп жібереді. Жанды да образды. Көптеген идиомалар стилистикалық тәсілдерді қолдану арқылы қалыптасады, сондықтан олар қолдану барысында өте өнімді стилистикалық эффекттер тудырады. Идиомаларды орнымен шебер қолданушының сөзін естігенде немесе шығармасын оқығанда, оның адамға берер әсері ұшан-теңіз деуге болады.

## Әдістер мен материалдар

Жоғарыда сипатталған ерекшеліктерімен, құнды қасиеттерімен идиомалар қытайдың тілінің ғана емес, тұтас дәстүрлі мәдениеттің жауһары болып есептеледі. Сондықтан қытай идиомаларын дұрыс қолдану және дұрыс түсініп, дұрыс аудару, бұл — қытай тілін шет тілі ретінде меңгергісі келетін адамның алдынан атойлап шығатын басты қиындық болып табылады. Өйткені идиомаларды қолданбай сөйлейтін қарапайым қытайлықты табуға болар, бірақ идиомаларды қолданбайтын қытай зиялысын, әсіресе қытай қаламгерін табу мүмкін емес. Ендеше, қытай тілін оқытуда да оқытушының алдынан шығатын қиындықтың бірі осы идиомалар десек, еш қателеспейміз. Сондықтан мен өзімнің ұзақ жылдық оқыту тәжірибеме сүйене отырып, идиомалық сөздерді оқытудың төмендегідей әдістемелерін ұсынбақпын:

### (1) Қызығушылық туғызу

Қытай халқында «қызығушылық — ең жақсы ұстаз» деген мәтел бар. Осы тұрғыдан келгенде, оқытушы ең әуелі қандай пәнге болса да оқушының қызығушылығын оятып алу керек. Бұған қытай тіліндегі идиомалардың өз ерекшелігі толық мүмкіндік береді. Атап айтқанда, қытай тіліндегі басым көп санды идиомалардың шығу тарихы, қызықты аңыздары бар. Мәселен, «守株待兔»、»自相矛盾»、»掩耳盗铃»、»请君入瓮» т.б. сияқты идиомалардың бәрінің әсерлі аңыздары, қызықты әңгімелері кездеседі. Сондықтан қытай тілін үйрене бастағанына көп уақыт болмаған шетелдік студенттерге қытай тілін оқыту кезінде біз алдымен идиомалардың шығу тарихына қатысты аңыз-әңгімелерді басшылыққа алуымыз керек [4; 122]. Яғни аңыз-әңгімелерді тыңдату, қайталап өздеріне айтқызу арқылы шәкірттердің идиомаларды оқуға деген қызығушылығын оятуға қол жеткізе аламыз. Ал қытай тілін тереңірек меңгерген студенттерге аңыз-әңгімелерді оқыту, айтқызу, тіпті сахналату арқылы олардың идиомалардың қыр-сырын, құдіретін сезінуіне жол ашуға болады. Бұл өз кезегінде студенттердің ауызекі сөйлеу деңгейін көтеріп, қытай тарихы мен мәдениетіне қатысты білімдерін кеңейтіп қана қоймайды, сонымен қатар саналы-санасыз түрде аңыз-әңгімелердің өзегі болған идиомаларды меңгеріп алады.

### (2) Грамматикалық тұрғыдан түсіндіру

Қазіргі қытай тіліндегі идиомалардың этимологиясы ежелгі қытай тілімен тығыз байланысты. Идиомалардың тарихи сипатына байланысты көне қытай тілінің грамматикалық ерекшеліктері идиомаларда сақталған [5; 32]. Сондықтан шетелдіктерге қытай тіліндегі идиомаларды оқытуда салыстырмалы түрде икемді әдіс қолданған жөн. Атап айтқанда, ырықсыз етістердің қолданылуы (敬而远之), зат есімдердің есімше ретінде қолданылуы (莫名其妙), зат есімдердің пысықтауыш болып келуі (半途而废), етістіктердің зат есім ретінде қолданылуы (得不偿失), сын есімдердің зат есім ретінде қолданылуы (无微不至) деген секілді грамматикалық құбылыстарды дұрыстап түсіндіре білудің маңызы зор.

### (3) Семантикалық тұрғыдан түсіндіру

Идиомалардың семантикасы мен олардың қолдануы бір-бірімен тығыз байланысты. Сондықтан олар симметриялы байланыста болады. Идиомалардың қолданылуы туралы шәкірттерге дұрыс түсінік берілуі керек, әйтпесе студенттер олардың мағынасын дәл және толық түсінбей қалуы әбден

мүмкін. Сондай-ақ олар өздерінің ана тілдерінің әсерімен идиомаларды қате қолдануы да ғажап емес. Семантикалық тұрғыдан түсіндіру қытай тілін дұрыстап үйретудің басты тәсілі. Сондықтан аудиториялық сабақ кезінде біз идиомалардың күрделілік деңгейін мұқият анықтап алып, талғамалы түрде түсіндіруіміз керек. Оқыту кезінде алдымен идиомалардағы әрбір қытай иероглифінің мағынасын нақты түсіндіруге көңіл бөлген жөн. Кейбір идиомалардың мағынасы қарапайым болып келеді. Ал күрделі идиомалардың құрамдас бөліктерінің (компонент) мағынасын жеке-жеке түсіндіргеннен кейін, идиоманың толық мағынасы бірден анық болады.

#### (4) Артқы көрінісі бойынша түсіндіру

Қытай тілін екінші тілі ретінде оқытын студенттер үшін, тіл үйрену өзге де әлеуметтік-мәдени білімдерді игерумен теңдей деңгейде жүзеге аспайды. Қытай тілін шет тілі ретінде оқытатын мамандар арасында қытай мәдениеті мен қытай тілін оқытудың байланысы туралы көптеген ұқсамайтын пікірлер бар. Бұл арада біз олардың арасындағы қатынасты талқылауға кіріскелі отырған жоқпыз. Дегенмен, идиомаларды оқыту — аталған екі аспектіге тікелей қатысты ерекше мәселе. Идиомалардың нақты мағынасы ондағы иероглифтердің тура мағынасына сәйкес келмесе де, ол метафоралар мен сөз мағыналарына негізделген кеңейтулер арқылы жаңа мағына тудырады. Қытай тілінің идиомаларында қытай халқының бай мәдениеті, қытай халқының ұлттық психологиясы, дәстүрлі таным-түсініктері, ойлау жүйесі мен эстетикалық талғамдарын қамтылып жатады [6; 383]. Шетелдік студенттердің өз елдеріндегі әлеуметтік және мәдени ортасы, өмір сүру дағдысы, олардың ұлттық, тарихи ерекшеліктері, саяси жүйесі мен діни нанымдары, ой-саналары ұқсамайтын болғандықтан, олар идиомалар құрамындағы иероглифтердің тура мағынасы мен беретін нақты мағынасын оңай шатастырып алады. Сондықтан оқытушылар сөздік қорды молайту, идиомадағы тірек сөздерді түсіндіру, оларға қатысты аңыздар мен оқиғаларды әңгімелеу, қытайдың діні мен мәдениетін таныстыру, өз елі мен қытайдың ой-пікіріне салыстырма жасау арқылы студенттердің дұрыс түсінігін қалыптастыру бәрінен де маңызды. Жер жүзіндегі қандай ел, қандай халық болмасын, бәрінің тілінде белгілі шамада идиома сөздер бар, бірақ барлық тілдегі идиомалар мағыналық және мәдени түсінік тұрғысынан бір-біріне сәйкес келе бермейді. Сондықтан оқытушы өз елінің тіліндегі идиомалар мен қытай идиомаларындағы мазмұндық сәйкестіктерді өзара салыстырып, тәржімалап түсіндіріп отыру қажет. Қытай тіліндегі идиомалардың қазақ, орыс және басқа тілдердегі идиомалармен мазмұндық жақтан сәйкес келетіндері аз емес. Осындай идиомалардың көмегімен студенттер өздерінің тілдеріндегі идиомалардың мазмұнын байланыстырып, ішкі түйсіктерін іске қоса алады.

#### (5) Контексте қарай түсіндіру

Кез келген тілдің қолданылуы оқшау жағдайда өмір сүрмейді, есесіне ол белгілі бір контексте жүзеге асырылады. Сондықтан оқытушы идиомаларды прагматикалық түрде үйрету әдісін қолданады. Ең әуелі, адамдар қалыптасқан тілдік функциялар мен мағыналық «ұяшыққа» әбден дағдыланып алады. Содан кейін барып оларды талдайды және қорытындылайды, тұрақты немесе жартылай тұрақты тілдік дайын материалдардан грамматикалық түсінікке ие болады. Бұл «ұяшық» тілді меңгеруде және тілді қолдануда өте маңызды рөл атқарады, әрі ол «тілдік орта мен әлеуметтік әдеттердің шектеуіне ұшырайтындықтан оның белгілі бір өлшем-нормалары да болады» [7; 152]. Сонымен бірге, «мәтінде бірнеше прагматикалық функциялар бар, олар мағыналар мен функциялардың жиынтығы» [8; 55]. Біз сабақ барысында көптеген контекстерді әзірлеп, сол контекстерді мысал ретінде алып, сол мысалдар арқылы сөздің мәнін ашып, мағынасын түсіндіреміз, ең соңында идиомалық тіркестердің грамматикалық функцияларын көрсетіп бере аламыз. Мысалы: «她正聚精会神的学习汉语» (ол бар зейінімен қытай тілін үйреніп отыр) деген сөйлемдегі «聚精会神» деген «зейінді шоғырландыру» дегенді білдіреді. Шәкірттерге осы бір «зейінді шоғырландыру» деген қарекетті жасатып көру керек. Міне осы қарекеттен кейін барып, студенттің миына «聚精会神» деген тіркес өшпестей болып орнығып қалады. Сондай-ақ ол идиоманы студент әсте қате қолданбайтын болады.

#### *Нәтижелер және оларды талқылау*

Тәжірибе барысында басты проблемалардың, идиомалардың анықтамасына, оқулықтарға және осы тараптағы сөздіктерге қатысты екендігі анықталды. Оқулықтарға қатысты, шетелдіктердің қытай тілін екінші шет тілі ретінде үйренуіне арналған он шақты оқулықтағы идиомаларға сараптама жасалды. Осы сараптамалық мәліметтердің арқасында біз шетелдіктерге арналған қытай тілі оқулықтарындағы идиомаларды оқытудың проблемаларын анық байқай аламыз: Бір типтегі

оқулықтарда кездесетін идиомалар саны жағынан әртүрлі; кейбір оқулықтарда салыстырмалы түрде идиомалар қалай болса солай беріле салған, әрі қайталау жиілігі өте төмен. Кейбір оқулықтарда марғау (пассив) әрі өте сирек қолданылатын идиомалар енгізілген; шетелдіктердің қытай тілін үйренуіне арналған оқулықтардың бәз біреуіне енгізілген идиомалар үйренушінің деңгейіне сәйкес келмейді; ал тағы біраз оқулықтар бұқаралық ақпарат құралдарынан, тіпті өмірден алшақ жатыр.

Қытай тілін және ондағы идиомаларды шет тілі ретінде оқытып жүрген өз тәжірибем негізінде, сондай-ақ қытай тіліндегі осы құбылысты зерттеп жүрген маман ретінде айтарым, тілді енді бастап үйренушілерге идиомалар оқытылмауы керек. Есесіне оларға қытай тіліндегі идиомалар туралы танымдық дәріс оқылуы керек. Өйткені шетелдік студенттерде қытай тіліндегі идиомалардың мазмұнын семантикалық тұрғыда түсінуде үлкен айырмашылықтар болғандықтан, идиомаларды бірден игеріп кету қиынға соғады. Қытай тілін шет тілі ретінде оқыту кезінде идиомаларды үйрету міндеттерін әртүрлі курстарда және қытай тілінің деңгейлеріне қарай орналастыруға болады.

Алайда көптеген жылдардан бері, ҚХР-дың өзінде идиомаларды зерттеу негізінен қытай тілін зерттеумен, қытай тілін шет тілі ретінде оқытумен немесе қытай мен шетелдік идиомаларды салыстыра қарастырумен, мәдениеттің идиомаларға тигізетін әсерін зерттеумен байланыстырылып келді. Есесіне оқытушылар нені, қалай үйретуі керек, қайткенде оқыту өнімділігін арттыруға болады деген мәселелер теориялық тұрғыдан қарастырылмады. Сондықтан, қытай тілін шет тілі ретінде оқыту тұрғысынан идиомаларды үйретудің әдістемесін қайта қарастырған жөн деп есептейміз. Шетелдік студенттердің қытай идиомаларын қолданудағы семантикалық және грамматикалық қателіктеріне ғылыми талдау жасап, соның негізінде, ілгеріде жіберілген қателіктердің себебін анықтауға болады. Біздің өлі түрде «төпештеп» үйретуіміз студенттердің тілді дұрыс меңгеріп шығуына керісінше кесірін тигізеді. Сондықтан, қытай тілін оқытуда идиомаға қатысты проблемалар аз емес.

#### Қорытынды

Қорытындылай келе айтарымыз, идиомалардың ойды бейнелеу қуаты өте күшті, мазмұны бай, құрылымы көркем, ырғақты да нақышты болғандықтан, сөйлеуші мен жазушы өз ойын жанды да жинақы, әсерлі жеткізу үшін оны жиі қолданады. Ал қытай тілін шет тілі ретінде үйренуші шетелдік тұлға, егер осы қытай тіліндегі идиомалық сөздердің мәні мен мағынасына, оның өз тіліне аударылуына жеткілікті мән бермейтін болса, ол ертеңгі күні бұл кемшіліктің зардабын ұзақ уақыт тартатын болады. Сондықтан, біздің еліміздегі жоғары оқу орындарының басты мақсаты, қай сала болмасын, бәсекеге қабілетті мамандар дайындау болғандықтан, біздің білім беру үдерісінде «ұсақ-түйек» мәселе болмауға тиіс. Құдды сол сияқты қытай тілін шет тілі ретінде оқыту үдерісінде, қытай тіліндегі идиомаларды үйрету мәселесіне де жеткілікті мән берілуге тиіс.

Өйткені идиомаларды дұрыстап оқыту қытай тілін шет тілі ретінде үйретудегі маңызды өткел болып есептеледі. Бір қызығы қытай тілін оқытын студенттердің қызығушылық танытатыны да осы идиомалар, әрі олардың алдынан шығатын да үлкен қиыншылық та осы идиомалар екенін жасырмаймыз. Егерде қай елде болмасын, қытай тілі мен қытайтанушы мамандарды дайындау бөлімдерінде, идиомаларды оқыту жұмысы дұрыс жолға қойылатын болса, бұл өз кезегінде шәкірттердің оқуға деген құштарлығын оятып, білуге деген талабын қанағаттандырып қана қоймай, сонымен бірге олардың қытай тілі деңгейін айтарлықтай жақсартады деп толық сеніммен айта аламыз.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Li Xinwu. Idiom story (李新武. 成语故事). — Beijing: People 's Literature Press, 2010. — 140 p.
- 2 Song Yong-Pei editor-in-chief. Dictionary of Chinese idioms (宋永培主编. 汉语成语词典). — Chengdu: Sichuan dictionary Press, 2000. — 1128 p.
- 3 Su Xinchun. Cultural linguistics tutorial (苏新春. 文化语言学教程). — Beijing: Foreign Language Teaching and research press, 2011. — 264 p.
- 4 Yang Defeng. Chinese and cultural communication (杨德峰. 汉语与文化交际). — Beijing: Peking University Press, 1999. — 214 p.
- 5 Abidenkyzy A.A. Comparative Study of Chinese and Kazakh Idioms: masters dissertation, 2012. — Xinjiang University, Urumqi, 2012. — 32 p.
- 6 Shen Xiaolong. Chinese and Chinese culture (申小龙. 汉语与中国文化). — Shanghai: Fudan University Press, 2008. — 484 p.

- 7 Zhao Huixia. Language and cultural interpretation (赵惠霞.语言与文化阐释). — Xi'an: Xi'an publishing house, 2008. — 224 p.
- 8 Shen Xiaolong. Cultural interpretation of language (申小龙.语言的文化阐释). — Shanghai: knowledge Press, 1992. — 364 p.

А. Әбиденқызы

### **Национальная специфика идиоматических слов в китайском языке и методы обучения в казахоязычной аудитории**

Идиома — это устойчивые выражения, используемые людьми в течение длительного времени, полные по смыслу, устойчивые по структуре, короткие по форме. В статье рассмотрены идиомы, в которых можно найти выражение национальной самобытности, обычаев, образа жизни и убеждений каждого народа. Автором акцентировано внимание на том, что, обучая идиомам определенного языка, можно глубже ознакомиться с бытием той или иной нации. Автором отмечено, что идиомы являются звеном истории, многие из которых используются с исторических времен. Идиомы, широко применяемые в современном китайском письменном и разговорном языках, являются золотой опорой китайского языка, а также особенностью китайской культуры. Показано, что данная категория языка, которая занимает особое место в лексикологии китайского языка с его простыми, выразительными и отличительными чертами, тесно связана с Древним Китаем. Обучение идиомам является важным шагом в изучении китайского языка в качестве иностранного. Проанализированы история происхождения и специфика идиом на материале источников, и сделан обзор характера идиом. Кроме того, изучены особенности и методика преподавания идиом студентам, изучающим китайский язык в качестве иностранного.

*Ключевые слова:* китайский язык, иностранный язык, лексика, идиомы, иероглиф, специфика обучения, методика, культура.

A. Abidenkyzy

### **National specifics of idiomatic words in the Chinese language and methods of teaching the Kazakh-speaking audience**

Idioms are stable expressions used by people for a long time, complete in meaning, stable in structure, short in form. It should be noted that idioms are a link to history, and many are used in historical times. Idioms in modern Chinese, written and spoken languages are the mainstay of the Chinese language, a feature of the culture. It is a category of language that occupies a place in the lexicology of the Chinese language with its simple features, and the etymology of the idioms is closely related to Ancient China. Learning to use an idiom is a step in learning Chinese as a foreign language. The article analyzes the history of the origin and specificity of idioms and reviews the nature of idioms the after continuous change. This article discusses the features and methods of teaching idioms to students studying Chinese as a foreign language. Among experts in the study of Chinese as a foreign language, there are opinions about the relationship between Chinese culture and the teaching of Chinese. At the same time, we do not intend to discuss the relationship between them. However, idioms are a special problem that is directly related to the two aspects mentioned.

*Keywords:* Chinese, foreign language, vocabulary, idioms, hieroglyphics, specifics of learning, methodology, culture.

#### References

- 1 Li, X. (2010). *Idiom story*. (p.140). Beijing: People's Literature Press.
- 2 Song, Y. (2000). *Dictionary of Chinese idioms*. (p.1128). Chengdu: Sichuan dictionary Press.
- 3 Su, X. (2011). *Dictionary of Chinese idioms*. (p. 264). Beijing: Foreign Language Teaching and research press.
- 4 Yang, D. (1999). *Chinese and cultural communication*. (p.214). Beijing: Peking University Press.
- 5 Abidenkyzy, A. (2012). *A Comparative Study of Chinese and Kazakh Idioms*. Urumqi: Xinjiang University.
- 6 Shen, X. (2008). *Chinese and Chinese culture*. (p.484). Shanghai: Fudan University Press.
- 7 Zhao, H. (2008). *Language and cultural interpretation*. (p. 224). Xian: Xian publishing house.
- 8 Shen, X. (1992). *Cultural interpretation of language*. (p.364). Shanghai: knowledge Press.